

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағын және 63-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 13 мамырдағы N 6 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың: өтініш субъектісінің өкілі - Республика Әділет министрі О.И. Жұмабековтың,

Республика Парламенті Сенатының және Мәжілісінің депутаттары Л.Н.Бурлаков пен Ж.Н.Әбдиевтің,

Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 7-тармағын және 63-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Х.Ә.Әбішевті, отырысқа қатысушылардың сөздерін тындап шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны

а н ы қ т а д ы :

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 7-тармағын және 63-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті, мұнда ол мынадай сұрақтарға жауап берілуін көздеуді с ұ р а й д ы :

1) депутаттар тұтас алғанда қабылдамай тастамағанымен, өзінің жекелеген ережелерінде оларға Үкімет келіспеген тұжырымдамалық өзгерістерге ұшыраған заң жобасын қабылданбады деп санауға бола ма;

2) Үкімет енгізген кез келген заң жобасын Парламент қабылдамаған жағдайда Премьер-Министр Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоя ала ма немесе олар бойынша шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданатын заң жобаларына қатысты ғана ол осылай ете ала ма;

3) Премьер-Министр Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені заң шығару процесінің қандай кезеңінде қоюға құқылы;

4) Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмес келіспеушілік деп нені түсінуге болады? Парламент Мәжілісі Үкімет бастамашылық жасаған кейбір ережелерге тұжырымдамалық өзгерістер енгізген және осы тұжырымдамалық өзгерістерге Үкіметтің келіспеуіне қарамастан, өз депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен оны Парламент Сенатына беріп, заң жобасын мақұлдаған ахуалды Парламент пен Үкіметтің арасындағы еңсерілмес келіспеушілік ретінде қарауға бола ма?

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағын және 63-бабы 1-тармағының нормаларын өтініште қойылған сұрақтарға қатысты қолданыста түсіндірген кезде, мынаны ескерді.

1. Республикадағы заң шығару процесі заң жобаларына бастамашылық жасау сатысынан басталады. Заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және Парламент қарауға міндетті заң немесе заң актісі жобасының мәтінін ресми енгізу жолымен тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

Заң шығару процесі, сондай-ақ Парламенттің, оның Палаталары мен депутаттарының, конституциялық нормалармен реттелетін, заң шығарушылық функцияларын жүзеге асыру жөніндегі мәртебесі мен өкілеттігі Мәжіліске де, Сенатқа да заң жобасын қарау барысында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік береді. Бұл орайда Палаталардың заң жобасына енгізетін түзетулерінің көлемі, шектері мен сипаты белгіленбейді. Заң жобасын Парламентте қарауға бастамашылық жасаған субъектілер, оның ережелерін заңда көзделген барлық нысанда қорғауы мүмкін. Конституцияға, заңдарға, Парламент пен оның Палаталарының регламенттеріне сәйкес заң шығару процесінің барлық кезеңдері мен сатыларынан, соның ішінде - дауыс беруден, ал қажет болған жағдайда - келісу рәсімдерінен өткен заң жобасы қабылданды деп саналады.

Бұл аталған ережелер Конституцияда (61-бап), сондай-ақ Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 8 маусымдағы N 8/2 қаулысында бар.

Сонымен бірге, заң шығару процесінде кейбір жағдайлар туындауы ықтимал, олар, түптеп келгенде, заң жобасының толығымен қабылданбауына әкеп соқтыруы мүмкін. Конституция (61-баптың 7-тармағы), Үкіметті Конституцияның 3-бабы 4-тармағының талаптары шеңберінде мемлекеттік билік тармақтарының өзара іс-қимыл жасауы кезіндегі олардың арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіне жатқыза отырып, Үкімет бастамашылық жасаған заң жобасы қабылданбайтын жағдайға ерекше назар аударады. Заң жобасы қабылданбауы нәтижесінде Премьер-Министр Үкіметке сенім білдіру туралы

Үкімет енгізген әрбір заң жобасын қарау кезінде Үкіметтің Парламентке қысым көрсетуі ықтимал әрекетін тежеу мақсатында, бұл құқықты ол жылына екі реттен артық пайдалана алмайды және әр жолы бір заң жобасына қатысты ғана пайдалана алады (Конституцияның 61-бабының 7-тармағы, Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 3/2 қаулысы).

Парламент Мәжілісінің заң жобасын қарауға алар кезде қабылдамай тастауы заң жобасының қабылданбауына әкеп соқтыратын жағдай болып табылады. Бұл жағдайда заң шығару процесінің бастапқы сатысында-ақ тиісті субъектінің заң шығару бастамасын жасауға өзінің конституциялық құқығын жүзеге асыруына к е д е р г і к е л т і р і л е д і .

Одан тыс, заң жобалары оны Мәжілістің мақұлдамауы; заң жобасын Сенаттың қабылдамай тастауы және онымен Мәжілістің келісуі; Мәжіліс қайта мақұлдаған заң жобасын Сенаттың қайтадан қабылдамай тастауы; Палаталардың бірлескен отырысында қаралуға тиісті заң жобасын Парламенттің қабылдамай тастауы нәтижесінде қабылданбауы мүмкін.

Парламент Палаталарының тым болмағанда бірінің енгізген түзетулерімен келіспеген жағдайда, өзі бастамашылық жасаған заң жобасын кез келген сатыда Үкіметтің кері шақырып алуын сондай-ақ заң жобаларының қабылданбауына әкеп соқтыратын жағдайларға жатқызған жөн.

Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын және атқарушы органдардың жүйесін басқаратын Үкімет, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарына жауап береді және Конституция , "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық заң , заңдар, Республика Президентінің актілері ережелерінің шеңберінде, сондай-ақ Үкімет Бағдарламасы шеңберінде олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады (Конституцияның 64-бабы 1 және 4-тармақтары, 66-бабы 1) және 10) тармақшалары, 67-бабы 2) тармақшасы). Үкіметтің өз өкілеттігін жүзеге асыруының нысандары ретінде, оны құқықтық жағынан қамтамасыз ету, соның ішінде Мәжіліске заң жобаларын енгізу жолымен, және заңдардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады (Конституцияның 66-бабы 3) тармақшасы). Бұл орайда Үкімет егер, Парламент өзгерткен заң жобасының тұжырымдамасы мен өзге де елеулі белгілері өзі өткізетін іс-шаралардың ырғақтылығы мен тиімділігіне едәуір әсер етеді деп тапса, онда, Үкіметтің пікірінше, мемлекет пен азаматқа келетін теріс салдардан сақтану үшін ол заң жобасын заң шығару процесінің кез келген сатысында кері қайтарып алуы мүмкін. Бұл жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады.

Бұл ұйғарым Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 18/2

қаулысында білдірілген құқықтық позициясына қайшы келмейді, бұл қаулыда Премьер-Министрдің өтініші бойынша, Палаталардың бірлескен отырысында республикалық бюджет туралы заң жобасын қарау кезінде Парламентте туындаған жағдайдың ерекшелігіне қатысты қолданыста Конституцияның 53-бабы 7) тармақшасы және 61-бабы 7-тармағы түсіндірілген болатын.

Заң жобасы, егер оны депутаттар тұтас алғанда қабылдамай тастамаған, бірақ өзінің жекелеген ережелерінде, заң шығару бастамасы субъектісі - Үкімет келіспеген, тұжырымдамалық өзгерістерге ұшыраған, алайда Үкімет кері шақырып алмаған жағдайда қабылданбады деп саналмайды.

2. Республика Конституциясының 61-бабы 7-тармағында былай делінеді: " Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл конституциялық нормада Үкіметке сенімсіздік білдіру туралы процесс басталатын рәсім жөнінде айтылады, Премьер-Министр бұл мәселені Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында ғана қояды.

"Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты" деген конституциялық ереже арқылы, мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы Палаталардың бөлек отырысында да, Парламент Палаталарының бірлескен отырысында да (Конституцияның 54 және 53-баптары) қарауға және қабылдауға жататын барлық заң жобаларын түсіну керек.

3. Заң жобасының қабылданбауына әкеп соқтыратын жағдайлар заң шығару процесінің кез келген сатысында туындауы мүмкін болғандықтан, Премьер-Министр Конституцияның 61-бабы 7-тармағына сай Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені осындай жағдайлар туындауына қарай кез келген сатыда қоя алады.

4. **Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.**

Осылайша, өтініште қойылған мәселеге қатысты қолданыста, Парламент Мәжілісі Үкімет бастамашылық жасаған заң жобасының жекелеген ережелеріне тұжырымдамалық өзгерістер енгізген және осы тұжырымдамалық өзгерістерге Үкіметтің келіспеуіне қарамастан, өз депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен оны Парламент Сенатына беріп, заң жобасын мақұлдаған жағдайды еңсерілмейтін келіспеушілік деп қарауға болмайды.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 , 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып,

өтініште қойылған мәселелерге қатысты қолданыста, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағымен көзделген, "Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауы" дегенде, Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен, Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен көзделген барлық рәсімдерді сақтай отырып кейін заң қабылдауға мүмкіндік бермейтін жағдайлардың заң шығару процесінің кез келген сатысында туындауын түсінген жөн.

Мұндай жағдайларға: Парламент Мәжілісінің заң жобасын қарауға олар кезде қабылдамай тастауы; заң жобасын Мәжілістің мақұлдамауы; заң жобасын Сенаттың қабылдамай тастауы және онымен Мәжілістің келісуі; Мәжіліс қайта мақұлдаған заң жобасын Сенаттың қайтадан қабылдамай тастауы; Палаталардың бірлескен отырысында қаралуға тиісті заң жобасын Парламенттің қабылдамай тастауы; Палаталардың бірі немесе Парламент енгізген түзетулермен келіспеген жағдайда, өзі бастамашылық жасаған заң жобасын заң шығару процесінің кез келген сатысында Үкіметтің кері шақырып алуы жатады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағының "... заң жобасының қабылданбауына байланысты" деген бөлігіндегі ережесі, Парламент Палаталарының бірлескен отырысында да (Конституцияның 53-бабы 1) тармақшасы), мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы Палаталардың бөлек отырысында да (Конституцияның 54-бабы 1) тармақшасы) қарауға және қабылдауға жататын барлық заң жобаларын көздейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағының мағынасынан келіп шығатыны, заң жобасының қабылданбауына әкеп соқтыратын жағдайлар заң шығару сатысының кез келген сатысында туындауы мүмкін. Сондықтан Премьер-Министр Қазақстан Республикасының Үкіметіне сенім білдіру туралы мәселені тиісінше кез келген сатыда қоя алады.

4. **Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

6. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК